

Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігі

Семей Мемлекеттік Медицина Университеті

Патологиялық анатомия және сот медицина кафедрасы

# СӨЖ

**Тақырыбы:** Жалпы семіздік. Жүдеулік (кахексия).

Семей қ., 2017 ж.

# Жоспар:

I. Кіріспе;

II. Негізгі бөлім:

2.1. Семіздік себептері;

2.2. Патогенезі, классификациясы, клиникалық белгілері;

2.3. Кахексия даму себептері, белгілері, патогенез;

III. Қорытынды;

IV. Пайдаланылған әдебиеттер.

# Кіріспе:

**Семіру (*Adipositas*)** - Майдың организмде мөлшерден тыс жиналуы.

Семіру - май басы, (*obesitas, adipositas*), тері астында, шарбы майларда т.б. май қоймаларында майдың шамадан тыс жиналуы нәтижесінде май басып, Дене салмағы және көлемі артып кетеді.


# Семіру себептері

1. Асты мөлшерден артық ішу;
2. Гиподинамия;
3. Тұқым қуалаушылық;
4. Жүктілік, бала емізу;
5. Жастық ерекшелік, зат алмасу процестерінің әлсіреуі;
6. Жүйке жүйесі мен бездердің зақымдануына байланысты.

# Патогенезі

- Семірудің ең негізі даму механизмі – ми қыртысты қабығының, гипоталамус орталықтарының майлы және көмірсутегі заттардың алмасуын бақылау жұмысы өзгеруіне байланысты.
- Семіруге жолықтыратын себептерге қарап, ең жиі кездесетін – алиментарлық семіру. Осы себептерден денеге аспен түсетін қуат пен тәулігінде жұмсаған қуаттың сай келмеуінен болады. Науқас адамның ішкі құрылыс бездерінің жұмысы өзгергенімен де семірушілік ұлғаюы мүмкін.
- Семірген адамда алғашқы кезде қанында инсулин көп болады, біраз уақыт өткеннен кейін инсулиннің деңгейі азаяды. Осы себептерден семірген адам кейінде қант диабетімен ауыруы мүмкін.

Семірген адамның терісін, бүйрегін және көкірек қуысын май басып кетеді. Үлпершек майлар эпикардтың астында, жүректің оң жағында көбірек қыртыстанып жиналады. Май жүрек етінің арасына сүзіліп тұнуына байланысты жүрек етінің талшықтары жіңішкереді. Май басқаннан бауыр көлемі де ұлғаяды. Ұйқы безіне май тарағандықтан оның Лангерганс аралдары азайып, сөл бөлу қызметі нашарлайды.



# Семіру классификациясы:

- ✓ Біріншілік (алиментарлық семіру және осы ауруға бейімділік)
- ✓ Екіншілік – басқа аурулармен байланысты

Бұл аурулар ішкі секреция бездерінің (гипофиздің, жыныс бездері, қалқанша бездің аурулары) және мидың қатерлі ісікпен, инфекция ауруы немесе жаралануы. Осы семірудің екі түрінен басқа липоматоз деген түрі болады, науқастың бұл түріне шалдыққан адамда терінің астында май түйірленіп жиналады.

# Аурудың клиникалық белгілері:

- Адамда май қыртысының дамуына қарай семіруді дәрежеге бөліп, оны Брок формуласын пайдаланып табуға болады (адамның бойының биіктігінен - 100 адамның салмағы) .
- Егер науқастың салмағы оның жасына, жыныстық және дене құрылысына лайық 30% артық болса – ол семірудің I дәрежесі болып есептеледі. Ал 50%- тен артық болса – II дәрежесі, 50-100% артық болса – III дәрежесі, 100% - тен жоғары болса – IV дәрежесі;
- Мөлшерлі салмақтан асып кеткен адамдар (I-II дәрежеге дейін семірген адамдар) дәрігерге өздігінен келе қоймайды, өйткені олар өздерінің сырқат екендігін сезбейді.
- Ал III – IV дәрежеге дейін семірген адамдар алғашқы уақытта жұмыс істегенде, ауру асқынған кезде, жаяу жүргенде елтігіп жүрісі бәсеңдейді.



# Асқыну белгілері:

Семірген адамдардың қан қысымы көтеріліп және атеросклероз пайда болуы мүмкін. Осы себептерден семіргіш аурудың жүрегі әлсіреп, оның қызметі нашарлайды. Семірген аурулар қомағай келеді. Семіргіш аурудың өтінде тас көбеюі мүмкін, холецистит , панкреатит деген аурулармен ауырғыш келуге мүмкін.

**Кахексия** (грекше *kakos* – нашар, жаман және *hexis* – жағдай) – адамның қатты арықтап, жүдеуі; біртіндеп семуі.

Аштықтан, витамин жетіспеушіліктен (бери-бери, цинга, пеллагра, мешел, тағы басқа аурулардан), қатерлі ісіктен, созылмалы, жұқпалы аурулардан (туберкулез, безгек, мерез, тағы басқа), бауыр циррозынан, организмнің күшәла, қорғасын, сынап, фтор, тағы басқа улы заттармен улануынан, ішкі секреция бездері ауруының асқынуынан болады.

# Аурудың клиникалық белгісі

Организмде май мөлшері азаяды, кейде май қабаттары мүлдем жойылады. Май клетчаткалары ылғалданып, кілкілдек, қоймалжың түрге айналады. Мұны серозды сему (атрофия) деп атайды.



Сондай-ақ, адамның бұлшық еттері босап, көзі шүңірейіп, сүйек остеопорозы (сүйек тіндерінің ыдырауы) басталады. Шашы құрғап, түсе бастайды, тырнақтары сынғыш келеді, тістері босап, түседі. Тері құрғап, ақшыл тартады, денеге қызыл түсті бөртпелер мен шиқан шығады. Кахексия кезінде гипотония (қан қысымы төмендеуі), қан аздық айқын байқалып, науқас әлсірейді. Кахексияні емдеу үшін ең алдымен организмде метаболизм (зат алмасу) процесінің дұрыс жүруін қадағалау керек. Кахексияның қандай аурудан пайда болғанын анықтап, соған байланысты ем қолданылады

# Кахексия түрлері:

- біріншілік (экзогенді) – ағзаға тағамның аз мөлшерде түсуі немесе қабылдаған тағамның энергетикалық құндылығының аздығы;
- екіншілік (эндогенді) – әртүрлі аурулардың асқынулары.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1) <http://lookmedbook.ru/disease/kaheksiya>
- 2) <https://kazmedic.org/archives/161>

